

ДӘЙКЕСӨЗ

Қанат ӘЛМАҒАМБЕТОВ,
«КТЖ» ҰК» АҚ БАСҚАРМА
ТӨРАҒАСЫНЫҢ БІРІНШІ
ОРЫНБАСАРЫ:

КОМПАНИЯ ЖЕЛІСІ БОЙЫНША КӨМІР ӨНІМДЕРІ ТАСЫМАЛЫНЫҢ 70 ПАЙЫЗЫ БАҒДАРЛЫҚ ЖӨНЕЛТУЛЕР АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ. ЕКІБАСТҰЗ – БОРАЛДАЙ, ЕКІБАСТҰЗ-ПЕТРОПАВЛ, НҰРА-ЖАҢААУЫЛ СЫНДЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН АЙНАЛМА БАҒДАРЛАР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ ТОҒЫЗ МЫҢНАН АСА АШЫҚ ВАГОН ЖҰМЫЛДЫРЫЛҒАН. ТАСЫМАЛДЫ АЙНАЛМА БАҒДАР АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

НОВОСТИ

СТОП НЕЗАКОННЫМ ДЕЙСТВИЯМ!

За пять месяцев с начала года в поездах формирования АО «Пассажирские перевозки» зафиксировано 46 срывов стоп-крана. В компании напоминают, что за незаконную остановку поезда без надобности установлен штраф в размере пяти месячных расчетных показателей.



В пресс-службе национального перевозчика сообщили, что за этот период 13 раз пассажиры сорвали стоп-кран по неосторожности, 5 – по причине опоздания на поезд, 4 – для вызова скорой помощи из-за состояния здоровья пассажиров в пути, и еще ровно столько же – при угрозе жизни людей на железнодорожном полотне. Кроме того, зафиксированы случаи невзатки времени для высадки пассажиров на станциях, а также действий нетрезвых пассажиров и провожающих их лиц.

Согласно Кодексу РК «Об административных правонарушениях», срыв стоп-крана без надобности, незаконный проезд в грузовых поездах, посадка и высадка на ходу поезда, проезд на подножках и крышах вагонов влекут за собой штраф в размере пяти месячных расчетных показателей.

Наряду с этим штраф в размере трех месячных расчетных показателей предусмотрен за выброс мусора и иных предметов из окон и дверей вагонов поездов, незаконное открытие наружных дверей во время движения.

Компания рекомендует своим пассажирам быть предельно внимательными и соблюдать правила перевозок в пути следования.

Роман ЛЮБИМОВ

БҮГІНГІ САҢ

КТЖ БОЙЫНША БҮГІНГІ ТАҢДА

32 мың

ЖҮК ВАГОНЫ КӨМІР ТАСЫМАЛЫНА ЖҰМЫЛДЫРЫЛҒАН

СЕРВИС

НОВЫЕ ВАГОНЫ НА ПОДХОДЕ

В скором времени вагонный парк АО «НК «Қазақстан темір жолы» пополнится – прибудет первая партия новых вагонов. Вагоны обеспечены всем необходимым для пассажиров и соответствуют высоким стандартам.

Асель ШАЙХЫНОВА

ОАО «Тверской вагоностроительный завод» заключил договор с ТОО «Тұлпар-Тальго» на поставку в Казахстан вагонокомплектов. Согласно контракту, ТВЗ изготовит и передаст казахстанской стороне 63 вагонокомплекта некупейных пассажирских вагонов.

Вагоны рассчитаны на 54 спальных места и оборудованы в соответствии с современными требованиями безопасности и комфорта. Они оснащены экологически чистыми туалетными комплексами, установками кондиционирования воздуха, системами пожарной сигнализации и обеззараживания воды, камерами

видеонаблюдения. Для удобства пассажиров предусмотрены USB-разъемы для зарядки мобильных устройств и электрические розетки, сообщили в пресс-службе ОАО «Тверской вагоностроительный завод».

Предполагается, что окончательную сборку вагонов выполнит завод «Тұлпар-Тальго». Первую партию из 25 вагонокомплектов завод отправит в Казахстан уже в июле. Последующие поставки запланированы на осень 2019 года.

Напомним, «Трансмашхолдинг» – крупнейший в России производитель подвижного состава для рельсового транспорта, 20% которого принадлежит французскому концерну Alstom. Особое внимание производителем уделяется

безопасности, скорости, комфорту, экономии энергии и уменьшению загрязнения окружающей среды. Кроме того, данные вагоны рассчитаны на длительную эксплуатацию (не менее 20 лет) в суровом резкоконтинентальном климате Казахстана.

По словам директора департамента по сервису и работе с клиентами АО «Пассажирские перевозки» Алибека Султанова, сейчас вагонный парк национального перевозчика составляет 2229 единиц. Из них вагоны «Тұлпар-Тальго» – 670, стандартного типа – 1443, электродизель-поезда – 116.

Он также отметил, что в ближайшие 10 лет будут заменены порядка 1200 вагонов.

– Это уже будут вагоны нового формата, оснащенные системой кондиционирования, с достаточным количеством розеток и, конечно, биотуалетом, что позволит уйти от архаизмов, когда пассажиры не пускают в туалет во время остановок и санитарных зон, – уточнил Алибек Султанов.

КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ

БІР ШАҚЫРЫМНАН АСТАМ ЖОЛ САЛЫНДЫ

Биылғы жылы оңтүстікте ерте көктемде басталған күрделі жөндеу күн жылына басқа да аймақтарда жалғасып, күзге дейін Қазақстан темір жолының 428 шақырым темір табанды жолы күрделі жөндеуден өтер болса, 151 шақырым орташа жөндеу, 130 шақырым жол күшейтілген орта жөндеуден өткізіліп, жаңартылып-жаңғыртылмақ.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда-Қамыстыбас ст.

Қызылорда жүк тасымалына қарасты жол телімдерінде жолды сауықтыру жұмыстары наурыз айынан бері жүргізіліп келеді. Өткен аптада ЖТ бөлімшесінің Аралқұм-Шөміш-Қамыстыбас станциялары аралығындағы 28,3 шақырымдық тақ жолдың күрделі жөндеу жұмыстарының 36 сағатқа белгіленген соңғы толассезінде 1030 метр жол са-

лынды. Отандық Р-65 маркалы рельстер салынған күрделі жөндеу жұмыстары Қамыстыбас станциясында жасалынып. Күрделі жөндеу жұмыстары Белкөл ПМС-інің директоры Айдарбек Әбілдаевтың басшылығымен жүргізілді. Жөндеу жұмыстарын Қазалы жол дистанциясының бас инженері Сәбит Денеев, дистанцияның 1-участогының жетекшісі Кеулімжай Жақапов және станциядағы өзге де теміржол мекемелерінің теміржолшылары



ТАРИФЫ

ИМПУЛЬС ПЕРЕМЕН

Возможность изменения тарифов на локомотивную тягу обсудили на публичных слушаниях в Комитете по регулированию естественных монополий, защите конкуренции и прав потребителей Министерства национальной экономики РК в связи с предстоящим с 1 июля текущего года повышением цен на услуги локомотивной тяги при перевозке грузов АО «КТЖ – Грузовые перевозки».

Алуа ТЛЕУБАЕВА

В слушаниях приняли участие представители заинтересованных госорганов, крупные грузоотправители. Повышение тарифов на услуги локомотивной тяги продиктовано целым рядом факторов, главные из которых – рост расходов на дизельное топливо, по сервисному обслуживанию локомотивов, по фонду оплаты труда и социальным отчислениям, а также реализация инвестиционной программы. Проведенный анализ стоимости дизельного топлива, расходуемого на тягу поездов в грузовом виде движения, показал ежегодный рост

цен. По сравнению с прошлым годом стоимость дизельного топлива выросла более чем на 30%. В статье расходов АО «КТЖ – Грузовые перевозки» 50% составляют расходы на сервисное обслуживание локомотивов. Основная доля средств уходит на приобретение запасных частей для них. Полученные денежные средства от повышения тарифов в 2019 году планируется направить на реализацию инвестиционных проектов и расширение производственных мощностей. За период с 2015-го по 2018 год приобретено 97 единиц тягового подвижного состава, в том числе



жөндеу жұмыстарының сапалы өткізілуіне өз үлестерін қосты. – Бүгінгі толассезде 50 шақты жол монтері, механизаторлар, басшылар, жалпы жүзден астам теміржолшы мен техника, бекеттегі ПЧ, ЭЧ, ШЧ секілді өзге мекемелердің еңбеккерлері жолдың техникалық талапқа сай салынуына жұмыс жасауда. Екі УК-25-9/18 кранымен рельс пакеттерін алу және жаңасын төсеу жүргізілсе, 2 грейдер жолды тегістеп, SD22 және Ч2К маркалы ауыр және өзге көлемдегі 6 дана трактор жол төсемін суру-төсеу жұмыстарына, ВПО, ШОМ және РМ секілді арнайы жол машиналары да жұмылдырылған, – деп атап өтті Белкөл ПМС-інің директоры Айдарбек Әбілдаев.

Толассез станциялық жолдарда жүргізіліп жатқандықтан

жол төсемдері арнайы жол машиналарының көмегімен төселіп, тазаланып, техникалық талапқа сай жасалады. Күрделі жөндеу жұмыстары кезінде бекеттен кесте бойынша өткізілетін пойыздардың қозғалысына кедергі келтірген жоқ.

Жалпы, Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі бойынша биылға жоспарланған Аралқұм-Шөміш-Қамыстыбас станциялары аралығындағы 28,3 шақырымға жоспарланған күрделі жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын. Одан кейінгі кезекте арнайы жол техникаларының көмегімен жазғы жол жұмыстары – тегістеу, түзету, бекіту, нығыздау, ажарлау, рельстерді дәнекерлеу сынды жұмыстар жүргізілімек.

Суреттерді түсірген автор

При этом повышение тарифа даст незначительный рост изменения транспортной составляющей. Так, рост ее доли в цене реализации продукции в среднем составит 0,3%.

АО «КТЖ – Грузовые перевозки» реализует программу повышения эффективности своей деятельности. В нее включены мероприятия по повышению производительности труда, энерго- и ресурсосбережению, повышению эффективности использования подвижного состава, автоматизации управления процессами.

В целях поддержки отечественных экспортеров компания проводит работу по снижению тарифов на перевозки экспортных грузов Казахстана по другим железным дорогам. Понижающие коэффициенты предоставляются на экспортные перевозки угля, зерна и муки.

Окончательное решение по изменению тарифа будет принято Комитетом по регулированию естественных монополий по итогам рассмотрения уведомления АО «КТЖ – Грузовые перевозки» в сроки и порядке, установленные Правилами ценообразования на общественно значимых рынках.

ХАБАР-ОШАР

ТАҒЫЛЫМДАМАН ӨТЕДІ

Биылғы жастар жылы аясында ел жастарын қолдау мен дамытуға бағытталған жобалар бойынша жазғы үш ай ішінде қазақстандық студенттер «КТЖ» ҰК» АҚ мен басқа ірі компаниялардан тағылымдамадан өтпек.

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның жас IT-мамандарға арналған үш айлық «Цифрлық жаз» тағылымдама бағдарламасының соңғы кезеңі басталды. Тағылымдаманың қорытындысы бойынша үздік үміткерлер жұмысқа орналасады. Биыл бағдарламаның шарттары неғұрлым қатал болғанына қарамастан, жас мамандар өздерінің білімдерін, ақпараттық технология саласында дамуға қабілеттері мен ынталарын көрсеткен. Байқауға қатысуға 1500-ден астам адам ниет білдіріп, оның 78-і төрт іріктеу кезеңінен өткен.

Ендігі кезекте үміткерлер елдегі ең үздік IT-мамандардан практикалық тәжірибе алады. Іріктеуден өткен үміткерлер – Нұр-Сұлтан, Алматы және Атырау қаласының ЖОО студенттері.

Сонымен қатар, биыл тағылымдамада студенттерге ақы төленеді және оларға арнайы менторлық бойынша оқытылған компаниялардың топ-менеджерлері тәлімгер болады. Сондай-ақ, үміткерлер SAP, Microsoft, Oracle, Cisco, HP, IBM, Huawei, Kaspersky, QazCloud, Astana Hub сынды әлемдегі ірі IT компаниялардан практикалық тәжірибе алады.

2019 жылдың 17 маусымынан 29 тамызына дейін үміткерлер тағылымдамадан өтетін 12 ірі компанияның ішінде «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ да бар. Тағылымдаманың қорытындысы бойынша Қор ең үздік үміткерлерді алты IT бағыт бойынша жұмысқа орналастырады: жүйе әкімшісі, IT менеджер, IT бизнес сарапшысы, әзірлеуші, бекіткі әкімшісі, инженер-сарапшы/ақпараттық қауіпсіздік бойынша кеңесші.

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ

АҚТӨБЕ РЕЛЬСІ АУҒАН АСТЫ

Отандық экспорт жаңа нарыққа шықты. Қазақстанда жасалған рельстерге Ауғанстан елі қызығушылық танытып отыр. 120 метрлік жоғары сапалы рельстер қазіргі уақытта Кабул қаласында салынып жатқан теміржолға төселіп жатыр.



Жуырда, яғни 25-26 маусым аралығында Ауғанстан астанасы Кабул қаласына қазақстандық тауар өндірушілерге арналған экономикалық көрме өтеді деп күтілуде. Іс-шараның мақсаты – іскерлік қарым-қатынасты нығайту. Ауғанстандық және қазақстандық кәсіпкерлер арасында тұрақты байланыс орнатып, екі елдің өзара тауарайналымын ұлғайту. Шараға Ақтөбе рельсаркалық зауыты да қатысады. Зауыт директоры Ербол Мергенов Кабул басшыларымен өткен жылғы көрмеден кездесіп, екіжақты байланыс орнатқандарын айтады.

«Енді Ауғанстан еліндегі теміржол көлік жүйесі қазақстандық рельстермен жүретін болады. Жаңа жолдардың табынының ені – 1520 мм. Біз Р65 табанды рельстер өндіреміз. «Afghanistan Railway Authority» компаниясымен өткен жылдың жазында келісімшартқа отырған болатынбыз. Ол жаққа биыл қыс айында көлемі 330,888 тонна болатын жүктер жеткізілді», – дейді Ақтөбе рельсаркалық зауытының басшысы.

Ақтөбе рельсаркалық зауытында шығарылатын өнімнің барлығы халықаралық стандартқа сай, Түрікменстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Ресей, Белоруссия елдеріне экспортталып келді. Қазір бұл қатарға Ауғанстан да қосылып отыр.

Ардақ ЕРҰБАЕВА, Ақтөбе Суретті түсірген автор

АҚПАРАТ

ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚОСЫЛҒАН ҮЛЕС

Теміржолдың аса қауіпті аймақ екенін біле тұра одан өтерде қарапайым ережелерді сақтамай, бастарын қауіп-қатерге тігетін адамдар қауіпсіздігі үшін теміржолшылар қосымша түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізіп отырады.

Теміржолдың жағасында тұратын, әрлі-берлі теміржол арқылы қатынайтын ересектер мен балаларға арналған түрлі шаралар, рейдтер өткізу бұғінде барлық жерде ұйымдастырылып жатыр. Оның үстіне мектеп оқушылары үшін 3 ай жазғы каникул басталды.

Астана сигнализация және байланыс дистанциясы бұл бағытта арнайы жоспар құрып, кешенді түрде жұмыс жүргізуде. Мекеменің еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі жетекші инженері Нұрғұл Жақсыбаеваның айтуынша, олар жыл басынан бері барлығы үш жүзге жуық оқушылар мен студенттерді қамтыған бірнеше оқу орында кездесу өткізіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізген. «Сонымен қатар даусызорайтқыш құралдардың жарамдылығын тексеріп, өткелден, жолдан өткен жолаушылар үшін даусызорайтқышпен айтылатын хабарламалардың анықтылығына мән бердік. Жұмысшылармен жоспардан тыс нұсқаулық өткізіліп отырады. Оларға осы нұсқаулық барысында өткелдер мен жолдарда, перергондарда немесе соларға жақын жерлерде бөгде адамдар мен балаларды кездестіре, олармен профилактикалық жұмыс жүргізуі міндеттеледі. Сонымен қатар қолданыстағы бейнебақылау камераларының жарамдылығы қаралады. Бейнебақылау камералары кенесде, сұрыптау дөңесте және эксплуатациялық техникалық қосымша бар», – дейді жетекші инженер.

Ал Астана электрмен жабдықтау дистанциясының еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша жетекші инженері Аян Мәдиевтің айтуынша, олар жыл басынан бері 13 мектеп пен колледжде барып, барлығы 2798 қатысушыға темір жолдан өту ережесін түсіндірген. Бұл жұмыстар Қырқыныш, Тастақ, Сарыоба, Төңкеріс, Еркіншілік және Нұр-Сұлтан станцияларындағы оқу орындарында жүргізілген. Жоспарда атқарылуы тиіс бірнеше тармақтардың қатарында түсіндірулен бөлек перрондарды, жол алқындарын, жолаушылар көпірлерін жарықтандыру жұмыстары да жасалған.

Теміржолшылар жазғы демалыс маусымы басталуына орай одан әрі сақтық шараларын күшейтіп, балалар мен олардың ата-аналарының темір жолдан өтерде аса сақ болуын сұрайды.

Нұрай СӨРЕНҒАЛИ

ӨЗ ӨМІРІНДІ ҚАТЕРГЕ ТІКПЕ

Жақинда Достық станциясы ұжымының қызметкерлері «Темір жол – аса қауіпті аймақ» тақырыбында станциядағы мектеп оқушылармен кездесу өткізді.

Станцияның өндірістік оқыту институты Қанат Машарипов бастаған теміржолшылар темір жол бойындағы қауіпсіздікке, ең алдымен, әр адамның өзі жауапты екенін жеткізді.

– Адамның өмірі мен денсаулығы – өзінің қолында. Әр оқушы теміржол ережесін, тәртібін жақсы білу керек. Ережені біліп қана қоймай қатаң сақтау пойыз апатынан сақтайды. Өткелден өтерде сол жерде ілулі тұрған белгіге назар аудару, әсіресе, шлагбаумы жоқ теміржол өткелінен өтерде өте сақ болу қиын ба? Шлагбаумы жоқ теміржол өткелінде паровоздың суреті бейнеленеді. Арнайы жолмен өту керек. Өткелі жоқ жерден өтуге болмайды. Әрқашан жолда жүру ережесін есте сақтап, тәртіп бұзбай жүресек, қаншама қайғылы оқиғалардың алдын алып, қанша өмірді сақтауға болар еді, – деді Қ.Машарипов балалармен кездесу барысында.

Станция теміржолшылары мұндай кездесулерден бөлек жол бойында рейдтер өткізу барысында жаяу жүргіншілермен де түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Сондай тексерулер барысында таяуда олар жолдан өту ережесін бұзған 25 тұрғынды анықтағандарын жеткізді. Олардың 20-сы әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Бес адамға тәртіп сақшылары ауызша ескерту берген.

– Егер тұрғындар темір жол бойында қарапайым ғана қауіпсіздік шараларын орындап, оны әдетке айналдырса, қайғылы оқиғалар болмайды. Темір жолдан өтер алдында маңайына мұқият қарап, пойыздың келе жатқанын не жоқ екендігін анықтап алуы қажет. Пойыз алыста келе жатса да сигнал беріп жүреді. Сондықтан дыбысқа мән берген жөн. Оқыс оқиғаның көбі асығудан болады. Әйтпесе, алыста келе жатқан пойыздың адамды бірден қағып кетуі мүмкін емес қой. Адамдар пойыздың жақындап калғанын біле тұра, асығып жолдан өтіп кеткісі келеді. Сондықтан, балалар, сендерден өтініп сұраймын, өз өмірлеріңді қатерге тігіп, асығыстық жасамаңдар. Теміржолда мейлінше сақ болыңдар, – деп кеңес берді инспектор оқушыларға.

Ұлан ОРАЗ

ҚАМАУ «ИЗОЛЯТОРЫНА» ТОҒЫТЫЛМАҚ

Семей ЖТ бөлімшесі бойынша желі бойындағы қараусыз мал мәселесі күн тақырыбынан түспей тұр. Шұғыл тежелу бойынша ағымдағы жылдың 5 айы ішіндегі көрсеткіш көңіл көншітпейде...

Әсіресе, Дегелең – Жаңа-Семей телімі бойынша орын алған ахуал ерекше алаңдаушылық туғызды. Жуырда Семей магистральдық желі бөлімшесі басшылығы аталмыш телім бойынша бірнеше мәрте рейдтік шаралар ұйымдастырды. Соның ішінде желі бойына 500 метрдей жақын орналасқан 15 шаруа қожалығына жолығып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар, аталмыш бағыт бойынша қолға алынған бір жаңашылдық – олардан желі бойына қараусыз мал жібермеу туралы қолхат алынды. Оған басты себеп Дегелең – Известковский телімі аралығында тепловоздың ірі қарамен соқтығысуы болып отыр. Шығын келтірген мал иесі дер кезінде анықталып, айыпшұл салынған болатын.

Осыдан соң теміржолшылар тәртіп сақшыларымен бірлесіп шұғыл шараларға көшуді қолға алды. Атап айтсақ, желі бойында қараусыз жайылған төрт түлікке арналған уақытша қамау «изоляцияторы» ашылып, қолға түскен қара мал осы «изоляцияторы» тоғытылыпты. Аталмыш шара бірден өз нәтижесін беріпті. Не бары бір ай ішінде 100-ден аса түлік уақытша оқшауланып, иелеріне қомақты айыпшұл салынды. Биыл ғана қол жеткізілген бұл шаралар желі бойындағы теміржолшыларға біршама жеңілдік туғызуда. Себебі, ауа жайылған мал күрт азайған.

Қуан ЕРТИС, Семей

СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

ҚАЗЫҒҰРТ – ӨНДІРІСТІК АЙМАҚТЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Шымкент ЖТ бөлімшесіне қарасты Қазығұрт станциясы кеңес одағы жылдары өндірістік аймақтың қайнар көзі болғаны белгілі. Неге десеңіз, станция құрылған өткен ғасырдың сексенінші жылдары жаңадан ашылған мұнай өңдеу, шина, фосфор зауыттарының өнімдерін тасымалдау миссиясы әуел бастан осы станцияға жүктелген. Міне, қырық жылға жуықтады, өндірістік аймақтың тасымалын қамтамасыз етіп отырған станция өз миссиясын ойдағыдай атқарып келеді.

Жаная СЫДЫҚБАЙ,
Шымкент

Алғашқы жылдары станцияда небәрі 4 жол болыпты. Бүгінде Қазығұрт станциясының аумағы кеңейіп, 28 жолға дейін ұлғайған. Станцияда жартылай механизациялық дөңес бар. Жұмысшы парк 1800 вагонды құрайды.

Қазығұрт станциясының бүгінгі таңдағы негізгі жұмысы – мұнай өнімдерін дайындау. Атап айтқанда, мұнайдан шығатын мазут, дизельді жанармай, бензин, авиакеросин шығарады. Дегенмен, кешегі кеңес жылдарымен салыстырғанда тиелетін жүк көлемі 50 пайызға азайды деген сөз. Кеңес кезінде Қазығұрт станциясында 90 пайыз жүк артылған екен. Себебі, ол кезде фосфор зауыты да өздерінің шығарған химиялық заттарын станция арқылы тиенген. Мәселен, таунигіне тек мұнай өнімдерінің 450-500 вагонына жүк тиелетін болған деседі көзкөргендер. Қазіргі таңда станциядан күнделікті 230-240 вагон жүк артылады. Тағы бір айта кететін жайт, ол кезде Текесу станциясы Қазығұрттың қарамағында болған. Яғни, ол жақтан тиелген жүк вагондарының есебі де осы станцияға кіретін. Қазір Текесу өз алдына бөлек станция болып шығып кетті.

Жалпы, Қазығұрт станциясының негізгі жұмысы – вагонды уақытты жуып, булайтын станцияға беру және уақытты алып шығып, Текесу станциясына жеткізу. Яғни вагондарды Мұнай өнімдерін өңдейтін зауытқа дайындап беру. Бұдан бөлек, станция цемент зауытынан 25-30 вагон цемент артады. Шымкент темір зауытынан мамыр айында 274 вагон металл артыпты. Яғни

күніне 10 вагон арматура, темір-терсек артады. Ұн шығаратын «Ақбура» серіктестігі диірменінен айына 60 вагон, яғни күніне бір, бір жарым вагон ұн артылады. Ал мотор майларын өндіретін «Хиллкорпорейш» компаниясының өнімдерін көбіне локомотив деполары қолданады. Бұл компания айына 23 вагон, бір күнге шаққанда бір вагон артылады.

Осы жылдың мамыр айында 620 вагон жүк тиелген, яғни станциядан күніне 26 вагон жүк артылды деген сөз. Шыны шығаратын зауыт күніне 2 вагон жүк тиенген. Бұл зауыт негізінен сыра, басқа да сусындардың ыдысын шығарады. «Алтын май» ЖШС айына Орта Азияға, Тәжікстанға 10 вагон жүк артады. «Хлоппром» айына 16-17 вагон мақта артады. Бұдан өзге, станциядан бірлі-жарым вагон жүк артағын ұсақ-түйек компаниялар да баршылық. Станцияда жыл басынан бері 5 айда жалпы вагон айналымы 126 пайызға орындалған.

Қозғалыс қауіпсіздігіне келсек, станция бастығы Токтасын Қалмырзаевтың айтуынша, өзі басшылық жасаған уақыт аралығында станцияда адам өміріне қауіп төндірген оқиға орын алмаған. Шымкент теміржол бөлімшесінде кластан тыс бірнеше үлкен станция бар. Жүк сұрыптайтын Арыс, Шымкент станциялары арасында бірден бір жұмыс қауіпсіздігін сақтайтын станцияның бірі – осы Қазығұрт.

Станция басшысы Токтасын Тұрысбекулының берік ұстанған қағидасының бірі – темірдей тәртіп. Оның айтуынша, теміржолшылар



арасында тәртіптің босаңсымауы үшін ұдайы тексеріп отыру керек, ал білімді болулары үшін техникалық сабақтардың кестеге сай уақытылы өтуі назарда ұсталады, білмегендеріне ережені оқытып, үйретіп, тіпті жаттату әдетінде бар екен. Тәжірибелік сабақ барысында сигнал, бағыттама бұрмаларын қалай өшіріп, қалай аударды, байланысты қалай өшіріп, қосады, бәрі-бәрін станциядағы тәжірибесі мол, жасы үлкен мамандар басы-қасында тұрып үйретеді екен. Сондай-ақ жоспарлы, жоспардан тыс сабақтар өткізіліп, қауіпсіздік бойынша бұзылған ақаудың себеп-салдарын талқылау да дәстүрге айналған дейді.

Станциядағы 28 жолдың 14 жолы – вагондар мен пойыздарды қабылдап-жөнелтетін жол. 5 жол сұрыптап-қабылдайтын, қалған 10 жолда сұрыптайды. Бытыр ПЧ-53 қызметкерлері 21 жолды орташа жөндеуден өткізіпті. Биыл тағы да 3 жолда орташа жөндеу жұмыстары өткізілімек. Бүгінде Шымкент жол дистанциясының жолшылары осы жұмыстарға кіріскен.

Станция АСУ ДҚР жүйесіне қосылған, барлық жұмыс интернет арқылы енгізілген бағдарламамен жүргізіліп жатыр. «Бұрын бәрін қағазбен жазатынбыз, қазір вагондардың құжаттары автоматты түрде рәсімделеді. Барлығы компьютерде шығып тұрады. Келе жатқан пойызды көріп отырамыз. Басшылар электронды құжат, телеграмма, бұйрықтарды жібереді. Жұмыс орнымыз интернетпен қамтылғандықтан шаруамыз әлдеқайда жеңілдеп, қағазбастылықтан құтылды», – дейді

станцияның қызметкерлері.

Қазығұрт-Шымкент бөлімшесінің ішінде бірден бір әлеуметтік жағдайы жасалған станция деуге болады. Жұмысшылардың барлық жағдайы жасалған. Ғимарат күрделі жөндеуден өткен, душ, әжетхана – бәрі бар, қыста ғимаратта жылу өте жақсы беріледі. Асханада жұмысшылар күнделікті пайдаланатын электр пеші, тамақ ішетін үстел мен орындықтар, микротолқынды пеш, тоңазытқыш, тағы басқа керек-жарақпен түгел қамтылған. Станция басшысы қазір әйелдердің зейнет жасы ұлғаюына байланысты олардың денсаулығын сақтауға көңіл бөлу қажеттігін де ескертті. «Теміржол саласында көбісі ауысыммен жұмыс істейді. Салдарынан жасы ұлғайған сайын қан қысымы, жүрек, ишемия аурулары асқына түседі. Мамандыққа қатысты аурулар қанша дегенмен ерлерге де, енді 63 жасқа дейін еңбек ететін әйелдерге де әсер ететіні даусыз. Сондықтан, станциялықтардың, мейлі ер, мейлі әйел адам болсын, міндетті медициналық тексеруден жыл сайын өтіп, денсаулығын тексеріп тұруын талап етемін. Жұмысшы-қызметкерлер жылына бір рет Алматы, Сарыағаш шипажайларына барып денсаулықтарын тексеріп қайтуын да бақылап отырамын», – дейді станция бастығы Т.Тұрысбекулы.

Қазіргі таңда, Қазығұрт станциясында 125 адам жұмыс істейді. Көпшілігі – алды 30 жыл, кейінгілері 5-10 жылдан осы станцияда еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі теміржолшылар.

Суретті түсірген автор

ҚОРЫПЫНДЫ

КӨРСЕТКІШ КӨҢІЛДЕН ШЫҒАДЫ

Ақмола жүк тасымалы бөлімшесі үстіміздегі жылдың бес айын табысты аяқтады деуге толық негіз бар. Оған төмендегі көрсеткіштер куә.

Бөлімше жүк тасымалына қатысты 16 негізгі эксплуатациялық көрсеткіштің 14-нің жоспарын толығымен орындап шыққан. Айталық, пайдаланымдағы жүк айналымы 103,5 пайыздан асып жығылса, жүк вагоны мен жергілікті вагон айналымы 104,4 және 102,5 пайыздарды құраған. Ал жүк тиелген вагонға шаққанда жүк вагонының бос жүрісінің

проценті 104,2%-ке орындалған. Яғни, жүк вагондарының бос жүрісін төмендетуге қол жеткізілген.

Сонымен қатар техникалық, телімдік жылдамдықтар, жүк пойыздың орташа салмағы сияқты маңызды көрсеткіштердің орындалуы да ойдағыдай. Ақмолалық қозғалыс шаруашылығы маманда-

ры локомотивтердің де жұмысын ұтымды ұйымдастырып, оң көрсеткіштерге қол жеткізген. Оны әсіресе, локомотивтің орташа тәуліктік өнімділігі мен жүрісінен байқауға болады. Бұл екі тапсырманы да орындауы 102 пайыздан асып отыр. Вагондарға тиелген жүктердің тоннаға шаққандағы жоспары 104,2 пайызды құраса, жүк тиелген вагонның статикалық жүктемесі, жүк вагонының өнімділігі мен жүрісі, 1-техникалық станцияда вагонның тоқтап тұруы сияқты көрсеткіштер де меже үдесінен

табылып отыр. Тек жүк вагонының динамикалық жүктемесі мен бір жүк операциясы кезінде вагонның кідіруіне қатысты тапсырма аздап кем орындалып, 99,8 және 99,4 пайыздар шамасын құраған.

Бүгінде бөлімше қызметкерлері осы жылдың бірінші жартыжылдығында пайдалану көрсеткіштерін табысты нәтижемен аяқтауға барлық қажетті шараны қабылдап, жұмыла жұмыс істеуге кіріскен. Пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтау мен еңбек қорғау мәселесінде де ерекше көңіл бөлінген. Алда астық тасымалы маусымы күзіп тұр. Сондықтан жұмыс көрігі қызын айлар алда дейді бөлімше мамандары.

Ислам ТАЛҒАТ

ТАСЫМАЛ

ВАГОНМЕН ҚАМТУДА КЕДЕРГІ ЖОҚ

Жүк тасымалын вагондармен уақыттылы және жеткілікті мөлшерде қамтамасыз ету – тасымал процесіндегі ең маңызды фактордың бірі. «Қазақстан темір жолы» ҰҚ» АҚ еншілес ұйымы «Қазтеміртранс» компаниясының Атырау филиалы Атырау және Маңғыстау жол бөлімшелерімен бірлесіп жұмыс жасайды.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Магистральдық тораптың 2099,4 шақырым (Атырау бөлімшесі – 915,3 шақырым, Маңғыстау бөлімшесі – 1184,1 шақырым) аралығындағы теміржол қозғалысының үзіліссіз, қауіпсіз қызметін үнемі ұйымдастыру жолында қызмет жасап, ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін одан әрі арттыруға ден қойып отырған филиалдың негізгі қызметі – аймақтағы жүк тасымалын вагондармен жеткілікті түрде қамтамасыз ету. 2019 жылдың бес айында 46200 тонна болатын 818 вагонға тапсырыс берілген, орындалуы – 68%. Оның себебі жүк жөнелтушілер тарапынан тапсырыстың аз болуы, құжаттардың дұрыс болмауы, жүк жөнелтушілердің зақадан бас тарту, жоспардың жоғарылығы, т.т. жабық вагондар – 176, платформалар – 68 және 574 жартылай вагондарға тапсырыс берілген. Негізгі жүк жөнелтушілер: «Иси Гипс Индер», «Индер тұз», «Қарап», «Шевронмұнайгаз», «Рауан Налко» ЖШС, т.б.

Филиал басшысы Саламат Төлегеновтің айтуынша, Биылғы жылғы бес айда ағымдағы ағытып-жөндеуге барлығы 361 вагон қойылып, 344 вагон шығарылған. Оның ішінде жалгер есебінен 248 вагон қойылса, КТТ есебінен 113 вагон. Көбінесе доңғалақ жұптары,



тежегіш, тележка, шанақ бұзылуынан болады. Бес айда 11 вагон кепілдік мерзімдеріне жетпеген болса, 9 вагон 331 228,17 теңге шығын келтірген. 20 вагон станциялардағы инвентарлық парктен шығарылған. Жоспарлы жөндеуге 415 вагон қойылып, содан 325 вагон жіберілген.

Жүк тасымалының маңызды бөлшегі болып табылатын вагондардың техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді де басты назарда ұстап отырған Атырау филиалы вагондардың ағымдағы жөндеу жұмыстарын Атырау, Маңғыстау вагон пайдалану деполары арқылы жүргізеді. Ал, деполық жөндеулер Қазалы, Балхаш, Орал, Шалқар вагон жөндеу деполарында жасалады. Филиалдың қызырында өндірістік-техникалық, вагон парк,

шұғыл жұмыс бөлімдері бірлесіп жұмыс жасайды. Мұнда пайдаланған жүк вагондарын қадағалау мен оны жоспарлы жөндеуге ұдайы көңіл бөлінеді. Мәселен, теміржол бойындағы жүк тасымалының уақытында жүк алушының тікелей өзіне жеткізілуі үшін, оған қоса қауіпсіздік ережелерінің мүлтіксіз сақталуы – басты мақсат. Осы орайда, жөндеуді қажет еткен вагондар цехтарда мамандардың қолынан өтіп, жарамсыз бөлшектері ауыстырылып, жаңартылады. Бұл жұмыс өте қырағылықты талап етеді. Содан да осы қызметте тек қана өз ісінің білікті мамандары қызмет етеді.

Вагондарды жөндеу, олардың қауіпсіздігін сақтауда атқарылып жатқан жұмыстар да аз емес. Осы ретте өндірістік-техникалық бөлімге

қарасты Атырау, Маңғыстау теміржол бөлімшелерінің станциялары мен бекеттерінде тұрған, жұмыс жасамайтын парктені жүк вагондарының есебі алынып, пайдалану мерзімдері аяқталғаннан кейінгі тиісті құжаттарын жасақтау негізінде есептен шығарылады. Мұның өзі теміржол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге өз ықпалын тигізуде.

– Жалпы «Қазтеміртранс» АҚ-ның Атырау филиалының еңбек қауіпсіздігі бойынша басты мақсаты – әрбір қызметкерге теміржолдың жоғарғы қауіпті аймақ екенін, теміржол бойында қауіпсіздікті сақтамағанның бақытсыздыққа ұшырататынын ұғындырып отыру. Еңбек қорғау және теміржол қауіпсіздігін сақтауда өткен бес айдағы көрсеткішке ден қойсақ, Атырау филиалында жарақат алудың шараларын уақытында өткізудің нәтижесінде, жарақаттану оқиғалары болған жоқ, – дейді мекеме басшысы. Кәсіпорын жұмысшылары 2018-2020 еңбек шартына сай арнаулы киім және жеке қорғаныс құралдарымен 100% қамтылған. Әр айдың екінші сәрсенбесінде еңбек қорғау және қауіпсіздік күні өткізіледі.

Суретті түсірген автор

БЕЗОПАСНОСТЬ

ГЛАВНАЯ СОСТАВЛЯЮЩАЯ

В Алматинском отделении грузовых перевозок состоялся семинар-совещание по обмену опытом повышения уровня культуры безопасности движения, в ходе которого поднимались вопросы по разработке и ведению нормативно-технологической документации.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

В аудитория собрались представители центрального аппарата АО «КТЖ – Грузовые перевозки», специалисты в области безопасности движения отделений грузовых перевозок.

Приветствуя участников семинара, директор Алматинского отделения грузовых перевозок Бахтыбек Мухамеджанов отметил, что для обеспечения динамики объема перевозок и повышения качества перевозочного процесса как никогда возрастает необходимость обеспечения безопасности движения на высоком и стабильном уровне.



поставлена задача внедрить в сознание каждого работника, что безопасность и охрана труда являются ключевыми в железнодорожном транспорте, от состояния которых зависит его

успешное функционирование, – отметил он.

Участники семинара обсудили основные критерии обеспечения безопасности движения поездов и производства маневровой работы,

соблюдение требований ТРА станции. Отчетливо прозвучало, что несмотря на проводимые мероприятия, проверки и технические ревизии, продолжают выявляться несоответствия и различного рода недостатки в части содержания ТРА станции. Анализом состояния безопасности движения определено, что большинство случаев брака происходит по вине обслуживающего персонала из-за слабых знаний нормативных документов ИДП, ПТЭ и ИСИ, а порой и из-за некачественного составления ТРА станции и его приложений.

К слову, на семинаре выступающие также обучали присутствующих той или иной методике, делились опытом, своим видением. Предусматривалась и обратная связь. Слушатели получили подробные ответы на интересующие их вопросы.

Проведение данного мероприятия непременно будет полезным в дальнейшем при обучении работников, связанных с разработкой и ведением нормативно-технической документации, отметили работники АО «КТЖ – Грузовые перевозки».

Фото автора

В ЦЕЛЯХ ПРОФИЛАКТИКИ

Сотрудники станции Павлодар совместно с линейным отделом полиции активизировали разъяснительно-профилактическую работу с образовательными учреждениями по предупреждению выхода посторонних лиц в зону повышенной опасности и правилах нахождения на железнодорожных путях.

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

